

"Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің, "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 19 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің м.а. 2025 жылғы 29 наурыздағы № 99 бұйрығы

БҰЙРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің, "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 19 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

15-тармақта:

- 6) тармақша алып тасталсын;
- 16) тармақша алып тасталсын;
- 106) тармақша алып тасталсын;
- 115) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 126-1) және 126-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"126-1) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыretі шегінде тауарлардың нысаналы мақсатын растау тәртібін және нысанын айқындау;

126-2) өз құзыretі шегінде тауарлардың нысаналы мақсатын растауды жүзеге асыру ;;

- 127) тармақша алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

15-тармақ:

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын өзірлеу;";

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"29-1) жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды сыйыптау тізбесін өзірлеу;".

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он құн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігінің міндеттін атқарушы*

C. Аблалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК